

2024 жылы Мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша есеп

1. Жалпы ережелер

1) Көрсетілетін қызметті беруші туралы мәліметтер: Қарағанды облысы білім басқармасының «Аутизмі бар балаларды қолдау орталығы» КММ.

2) "Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет саласында мемлекеттік қызметтер саны - 322, Қарағанды облысы білім басқармасының «Аутизмі бар балаларды қолдау орталығы» КММ-де көрсетілген мемлекеттік қызметтердің барлығы – 322, барлығы тегін; «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы 0 қызмет көрсетілді;

Қағаз түрінде көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны – 322, «Электрондық үкімет» порталы арқылы – 0, көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйелері арқылы – 0.

3) Ең сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат:

Ең көп сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер «Оқу курсына қабылдану туралы бұйрық», «Оқу курсынан шығару туралы бұйрық», "Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу" мемлекеттік қызметі бойынша оқу курсын өтуі бойынша анықтамалар, келісім-шарттар.

2. Қызметті алушылармен жұмыс

1) Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер:

Мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпарат Қарағанды облысы білім басқармасының «Аутизмі бар балаларды қолдау орталығы» КММ-нің ресми интернет-ресурсында <https://krguo.edu.kz/content/view/712/321336201> орналастырылған, көрсетілетін қызметті алушыларға қажетті барлық ақпаратты ұйымның стендінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

2) Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қоғамдық талқылау туралы ақпарат:

Қоғамдық талқылау үшін мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қызметі туралы есептер Қарағанды облысы білім басқармасының «Аутизмі бар балаларды қолдау орталығы» КММ-нің ресми сайтында орналастырылған, онда әрбір қызмет алушы есеппен танысып, өз пікірлерін қалдыра алады.

3) Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар (түсіндірме жұмыстары, жиналыстар, кездесулер, сұхбаттар және т.б.):

2024 жылдың 12 айында мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша 3 түсіндіру іс-шарасы өткізілді, оның ішінде: жиналыстар,

мемлекеттік қызмет көрсету сапасы бойынша – 0, газеттерде және басқа да басылымдарда- 0, тікелей эфир – 0. Қамтылған халықтың жалпы саны 300-ден астам адамды құрайды.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау

1) Көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымдары туралы мәліметтер:

2024 жылы мемлекеттік қызмет көрсетуде ешқандай шағым түскен жоқ.

2) Қолданыстағы заңнама нормалары мен мемлекеттік қызмет көрсету ережелері бойынша ұжыммен және жауапты қызметкерлермен тиісті түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

4. Көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттануын арттыру және одан әрі тиімділік перспективалары.

Көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттануын арттыру мақсатында 2025 жылға келесі іс-шаралар жоспарланған:

- мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша іс-шаралар ұйымдастыру;

- аутизм орталығында қызметкерлер мен ата-аналар үшін электрондық мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру және автоматтандыру мақсатында «Өзін-өзі қызмет көрсету бұрышын» құру;

- танымал әлеуметтік желілер және мерзімді басылымдар арқылы «электрондық үкімет» порталы арқылы мемлекеттік қызметтерді алу уәждемесін күшейту, халықтың мүмкіндіктері бар екенін хабардар болуын қамтамасыз ету.

Директор



Б. Мейрамова